

9. Жүйелі болыңыз және айтқаныңыздан тайынбаңыз. Ересек адам көңіл-күйіне байланысты бірде рұқсат беріп, бірде тыйым салған жағдайда немесе кеше ғана рұқсат берілген әрекетке кенеттен тыйым салған жағдайда, бала үлкеннің айтқан сөздерінің маңыздылығына күмәндана бастайды, оған деген сенімі және құрметі жоғалады және бар күшімен қалағанына қол жеткізуге талпынады. Егер ұзақ еркелеп, долылығын көрсеткеннен кейін анасы «берілсе», балада «Қаттырақ айқайласам, өз дегеніме жетемін» деген пікір қалыптасады. Балаңызға олай ойлауға себеп бермеңіз. Алайда егер «жоқ» дегеннен кейін баланың қалағанына рұқсат беруге болады деп ойласаңыз, айтқанына көнуге болады. Егер шешімді өзгертуге негіз болып тұрса, неге рұқсат бермеске? Бұл кезде еркелігі үшін емес, әділдікті қалайтыныңыз үшін ойыңызды өзгерткеніңізді балаға көрсетіңіз.

10. Физикалық жазалар балаға қауіпті жағдайда дұрыс әрекет етуді үйретпейді, сондықтан жазалар шектеу тәсілі ретінде тиімсіз. Баланы қанша ұрсаңыз да, бала жалғыз қалған жағдайда, дұрыс әрекетті таңдай алмайды. Егер болған жағдайдан кейін шапалақпен ұрсаңыз, бала не себеппен ұрғаныңызды түсінбейді. Біріншіден, баланы қауіпті жағдайлардан қорғауыңыз қажет, екіншіден дұрыс әрекет етуді үйретуге тиіссіз. Мысалға, бала жолға қарай ұмтылды. Оған жүгіріп барып, былай деңіз: «Мұнда қарашы, машиналар жоқ па? Енді анда қара, машиналар жоқ па? Ал енді жолдан өтейік! Жолды анаңмен ғана өтуге болады!». Бұл жағдайды бірнеше рет қайталаңыз, «Жолдан өтейік» деп өзіңіз ұсынып, баланы жолдан өткізіңіз.



ТЫЙЫМДАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР: ҚАЛАЙ, ҚАШАН, КІМГЕ?

Тыйымдар мен шектеулердің басты функциясы – баланы денсаулығына немесе тіпті өміріне қауіп төндіретін заттардан қауіпсіздендіру. Ата-аналардың шектеулеріне түсіністікпен қарауды қамтамасыз ету үшін не істеу қажет? Айтарлықтай қарапайым бірнеше ереже бар.

ҚАЛАЙ ТЫЙЫМ САЛУ ҚАЖЕТ?

1. Алдымен баламен бірге тұратын барлық ересектер неге және қандай түрде тыйым салатынын өзара келісіп алу керек. Кейде баланың анасы бірнәрсеге рұқсат берсе, әжесі бұған тыйым салады, ал атасы көңіл-күйіне байланысты бірде рұқсат берсе, бірде тыйым салады. Нәтижесінде бала қайсысының дұрыс екенін түсіне алмайды, тыйым оның ұмтылысына сәйкес келмесе, шу шығарады.

2. «Болмайды» сөзін тым көп айтуға болмайды. Бала тым көп шектеуге тап болса, ашулана бастайды. Қоршаған әлемді немесе өз мүмкіндіктерін танып білуге бағытталған энергиясы үнемі кедергілерге тап болады, сонда ата-аналарға немесе өз-өзіне қарсы бағытталады. Бұл кезде тыйымдардан мүлдем бас тартуға да болмайды. Бала үнемі рұқсат берілгеннің «шекараларын» іздейтін болады және оларды таппай, қатты күйзеліске ұшырайды. Нәтижесінде қайта долы күйге бөленеді.

3. Балаға салынатын тыйымдар барынша қысқа түрде айтылуға тиіс. Баланың өміріндегі барлық тыйымдар балаға нағыз физикалық немесе психикалық зиян келтіре алады (әсіресе кішірек кезінде). Бала неғұрлым кішкентай болса, тыйымдар соғұрлым көп болады, бала өскен сайын және дербестікке үйренуіне қарай белгілі бір тыйымдар жойылса, жаңалары қосылып жатады. Тым жиі айтыла-

тын «жоқ» және «болмайды» сөздерінің мағынасы жоғалады. Бала оларды естімей қояды. Сондықтан оларды басқа тыйым салатын сөздермен алмастыру қажет. Мұндай сөздер белгілі бір «стоп-сигналдардың» қызметін атқарады. Оларды сабырлықпен, бірақ айқын ымдап айту қажет. Қалжыңдап тұрмағаныңызды бүкіл кейіп-тұрпатыңызбен көрсетуіңіз қажет. Мысалы: «Қауіпті!», «Шетке бара жатырсың!», «Абайла!», «Ыстық!», «Өткір!», «Ай! Машина! Байқа!», «Биік!» және т.с.с. Бала қауіпке ұшырағанда оны шошытпау үшін және қорыққанынан бірнәрсеге ұрынуын болдырмау үшін сабырлы дауыспен сөйлеңіз. Қысқа «стоп-сигналдарды» «Жиекке барма, құлайсың», «Пышақ өткір, қолыңды кесіп аласың» деп түсіндірудің қажеті жоқ (әсіресе бала мұндай жағдайға алғаш рет тап болса). Біріншіден, балаға не болатынын хабарлайтын болсақ, оны еріксіз айтқаныңызды зерттеуге итермелеуіміз мүмкін. «Кесіп аласың деп тұр ғой, тексеріп көрейінші», деп ойлайды бала. Екіншіден, балаға оның әрекеттерінің кері салдарын («Барма, құлайсың», «Тиіспе, күйесің» және т.с.с.) үнемі болжай отырып, біз оны сәтсіздіктерден қашқақтауға үйретеміз, өз күшіне деген сенімділігін жоямыз.

Келісетін боларсыз, теріс болса да, қауіпсіз салдарға тап бола отырып, қиындықтарды жеңуді балаға үйретудің пайдасы көп, ал сәтсіздіктерден қашқақтауды үйретудің пайдасы жоқ.

4. Тыйым салынған әрекеттер бала үшін бұзуға болмайтын ережелерге айналуға тиіс. Сондықтан «Балам, мен саған ... істеуге қуана рұқсат берер едім, бірақ бере алмаймын, отбасымыздағы ережелер сондай, оларды бұза алмаймыз» деп, тыйымды жылы шыраймен айту маңызды.

5. Тыйым салған әрекеттің орнына әр уақытта жағымды әрекет ұсыныңыз: «Пышақты алуға болмайды, таяқшаны алуға

болады!», «Суды еденге төгуге болмайды, легенге төгуге болады!». «Болады» деп рұқсат беріп тұрғанда, жылы шыраймен және түрткі беретіндей үнмен айтыңыз, ал болмайтын істерді барынша үйреншікті дауыспен айтыңыз. Ата-аналар балаларына «жоқ» деп тұрып, көбінесе орнына ештеңе ұсынбайды. Көбінесе осы сәтте бала еденге құлай кетіп, долыланады. Себебі балада іс-әрекет жасауға қуат берген ниет пайда болды. Бала қалаған ісін жасауға ұмтылды, міне, аз-ақ қалды. Осы сәтте анасы айтқан «жоқ» бала бар күшімен жүгіріп келіп, бетон қабырғаға ұрынғандай әсер береді. Әрине, бала еденге құлап, жылайды, одан да бетер қылық көрсетеді.

6. Тыйым салғанда жағымды сөздерді пайдаланыңыз, «істеме», «барма» сияқты сөздерді айтудан аулақ болыңыз. Бала айтылғанды естігенде, нені істеуге болмайтынын түсіну үшін, алдымен осы әрекеттің өзін елестету қажет. Осыдан кейін ғана оны санасында «сызып тастайды». Көбінесе «сызып тастауға» қауқары болмайды, себебі ойлаған ісін қатты жасағысы келіп тұр. Сондықтан «Барма» деудің орнына «Әрі тұр» деңіз және т.с.с.

7. Тыйым салған уақытта баланың атын атаңыз (әсіресе даусыңызды көтермей айта алмасаңыз): «Ванюша, жоқ!», «Ванюша, болмайды!» (өкінішке орай, ұлыңыздың атын білмеймін). Адамды атымен атау әр уақытта, кез келген жағдайда құрметпен қарайтыныңызды көрсетеді.

8. Бала қолына қауіпті зат алса, оны сабырлықпен бірге «зерттеңіз», осыдан кейін оның көңілін қауіпсіз затқа аударыңыз. Мысалға, бүлдіршін қайшы ұстап алды делік. Қайшыны алып, қалай жұмыс істейтінін көрсетіңіз: «Қара, бұл – қайшы. Қайшы шырт-шырт деп қағаз кеседі. Қайшы өткір. Оны тек анаңмен ғана қарай аласың» және т.с.с.